

А. ТӨЛЕБАЕВА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің PhD

докторанты, филология магистрі

СОПЫЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ СЫНШЫЛДЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Аннотация

Сопылық-философиялық поэзиядағы сыншылдық көзқарастар ұрпақтарды адамгершілік-имандылық, гуманизм рухында қалыптастыруға арналған ұлағатымен маңызды. Қазақ сөз өнерінің әлемдік әдеби үдеріс, көркемдік дүниетаным кеңістігіндегі ақыл-ой қазынасына қосылған рухани құндылық тұғырындағы ұлағаты қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында да жалғаса дами береді.

Кілт сөздер: сопылық, философия, поэзия, сыншыл, көзқарас, ұрпақ, рух, сөз, өнер, әлем, әдеби.

Ключевые слова: суфизм, философия, поэзия, самокритичный, взгляд, поколение, дух, слово, искусство, всемирный, литературный.

Keywords: sufi, philosophy, poetry, a containing self-criticism, a look, generation, spirit, word, art., world, is literary.

Әлем әдебиеті тарихындағы көркемдік-эстетикалық дүниетаным аясында философиялық сарынды шығармалардың өзіндік поэтикалық ерекшеліктерінің қалыптасқандығы мәлім. Өркениет кеңістігінде ағартушылық эстетикасы дәстүрімен қалыптасып, планетамыздың барлық құрлықтарына гуманистік ықпалымен таралған діни-ислам ұлағатының тағылымы бұл күндері жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар зерттеулерінің басты бағдары болып отыр. Әлемдік сөз өнері тарихындағы шығармалар жүйесінде «Философиялық лирика», «Философиялық поэма», «Философиялық роман» атауларымен бағаланып келе жатқан туындылардың танымдық маңыздылығы басты назарға алынады. Қазіргі заманғы әдебиеттану қисыны бойынша философиялық лирикаға тән поэтикалық ерекшеліктердің өмір шындығын ойшылдық көркем ақыл-ой бейнелеуімен жырлауының болмысы айқын аңғарылады: «Өмір рухынан әлемге, өмірге, адам тағдырына деген лирикалық көзқарастың көрініс табуы, жан толқынысынан хабар беретін лирикалық үн естіліп, болмыс мәнін, шындық елесін іздеген, мәңгілік сауалдарды өзінше қабылдап, өзінше жауап қайтаруға тырысқан лирикалық «Меннің» айқын сезілуі – философиялық лирикаға хас айрықша нышандар ретінде танылады»[1, 216-б.].

Сопылық-философиялық поэзиядағы хикмет дәстүріндегі лирикалық-дидактикалық өлеңдерде жеке адамдардың және оларды қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның қайшылықты, көлеңкелі жақтары айрықша сыншылдықпен назарға алынып жырланады. Бұл – ислам ағартушылығы ұстанымы мен жалпытүркілік адамгершілік-гуманистік тәлім-тәрбие көзқарастары тұтасуының көрінісі.

Ақындар шығармалары – адамзат ақыл-ойының көрінісі. Қуаныш пен қайғы, үміт пен өкініш, түңілу мен жігерлену және т.б. сан алуан көңіл-күй құбылыстары ақындар жырларында орын алды. Тарихи-мәдени дамудың белестерінде қоғамдағы жеке адамдардың мінез-құлық қасиеттерін, іс-әрекеттерін халықтық дүниетаным аясында тану, бақылау, көзқарастары үздіксіз болады. Адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік қызметтер жүйесіндегі адамгершілік қасиеттері туралы халықтың бағалауы сөз өнерінің туындылары арқылы көркемдік ойлаудың сыншылдық парасаты тұрғысында тұжырымдалады. Мұндай сыншылдық көзқарастардың жақсы мен жаманды айыруға, адамзат ұрпақтарының өмірлік шындық құбылыстарының қайшылықтарын түсінулеріне бағдар беретіндігі ақиқат. Діни-исламдық дүниетаным көзқарастарын жырлайтын дәстүрлі арнадағы поэзияда сыншылдықтың жағымсыз қасиеттерді, құбылыстарды даралап бағалайтындығы да басты орын алады. Діни-исламдық дүниетанымды уағыздайтындардың да арасында жалғандықпен жүретін, дінді өзінің әртүрлі жеке мақсатына, мүддесіне байланысты ұстанатын алаяқтарды әшкерелеп жырланған ақындар өлеңдері мол. Бұл – сатира сарынындағы шығармалардың үлгілері. Профессор Т. Қожакеевтің сыншылдық-сатиралық шығармашылық үрдісіне байланысты пікірі де діни-исламдық мұралардың поэтикалық болмысын түсіндіруге арналған: «Сатира әдебиеттің бір тегі ретінде де көріне алады. Ақын, жазушыларымыздың бастан-аяқ күлкілі ситуацияға негізделіп, сықақтық пафоспен жазылған, таза сатиралық шығармалары әдебиеттің дербес бір тегін құрайды. Өйткені, оларда өмірді зерттеп білудің, суреттеп берудің өзіндік эстетикалық принциптері көркемдік әдіс-тәсілдері қолданылады. Болмыс құбылыстарды бағалап, түсінудің ерекше формалары пайдаланылады. Яғни, сатира қиялдауға, шарттылыққа, кездейсоқтыққа, түсінбестікке, әсерленуге негізделеді. Шаржға карикатураға, гротеск, сарказм, иронияға иек артады. Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, жоққа шығару, үкім айту, адам қиналысын оңдау, адам жүрегінің түкпіріне үңілу, көңілділік пен күрсініс, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Сөйтіп, сатира қарама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды [2, 6-7 бб.]. Философиялық көзқарастар аясында – адамзат ортасындағы рухани тазалықты сақтауға, қалыптастыруға арналған ойлар дамудың ұлағатын танытады.

Діни-исламдық сыншылдық дүниетанымының философиялық тұғырлы бағыты анық. Ислам дінінің қазақ даласына таралуы, қалыптасуы кезеңдерінде ақындардың шығармаларында Алланың бірлігін, Құран Кәрімнің шындығын, Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) елшілігі хақтығын мойындаған, мадақтаған өлеңдері үздіксіз жырланып келеді. Исламды бетперде етіп алып, адамгершілік, имандылық жолына зиянды зардаптар жасап жүргендерді сатиралық-сыншылдық пікірлерімен бағалап жырлау да үнемі жалғасуда.

Философиялық поэзиядағы сыншылдық ойлар арқылы сөз өнерінің барлық жанрларындағы туындылардың азаматтық-тәрбиелік қуаты нығая түсті. Ежелгі заманғы сақ, ғұн, түркі өркениеті жазба жәдігерліктерінде негізі қаланған философиялық

поэзияның жаңа сарынмен жалғасуы орта ғасырлардағы (IX-XI ғғ), одан кейінгі Алтын Орда (XII-XIII ғғ), Қазақ хандығы (XV-XVIII ғғ), XIX-XX ғғ және қазіргі XXI ғ басындағы әдеби үдеріске ұласты. Қазіргі әдебиеттану қисыны бойынша жалпытүркілік әдеби дамудағы философиялық поэзияның адамгершілікті, имандылықты сыншылдық ұстаныммен жырлауының тарихи-поэтикалық жалғастық жүйесі айқын тұжырымдалған.

«Мұсылмандық Шығыста, оның ішінде түркі халықтар әдебиетінде философиялық лириканың алғашқы нышандарын сопылық поэзиядан айқын аңғаруға болады. Қожа Ахмет Иасауидың, Әлішер Науаидың гуманистік тұрпаттағы хикметтерә өшпес даңққа бөленді, түркі лириктерінің ой-санасына әлденеше ғасыр бойы ықпал етіп отырды. Тәңірі нанымы мен исламның тоғысынан туындап, өзгеше сыңайда кемелденген халықтық философия аңғарындағы терең ойлы шығармаларға мейлінше бай қазақ поэзиясында қазіргі түсініктегі философиялық лирика Абай өнернамасынан басталады. Шығыс пен Батыс философиясын көп зерделеген Шәкәрімнің философиялық лирикасы, Мағжанның осы бағыттағы өлеңдері төл поэзиямызда философиялық лирика жазу үрдісінің біржолата орныққанын әйгіледі» [1, 216-б.]. Сопылық философиялық поэзиядағы хикмет дәстүрінің жаңа дәуірлерге ұласуында, әрине, орта ғасырлардағы жалпытүркілік әдеби даму үдерісіндегі көрнекті ақындар шығармалары көркемдік үлгі-негізділігімен ерекшеленеді.

Философиялық-дидактикалық сарынды сыншылдықты Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінен айқын аңғарамыз:

... Дүние менікі дегендер – жаған малын алғандар,

Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.

Молда, мүфтий болғандар – жалған жала жапқандар,

Ақты қара қылғандар: ол тамұққа түседі.

Қазы, имам болғандар – нақақ жала қылғандар,

Есектей болып жегіліп жүк астында қалады.

Пара алған әкімдер – арамдықпен жүргендер,

Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен қалады.

Жылы-жұмсақ жегендер, әсем киім кигендер,

Алтын тақта отырса да топырақ астына түседі.

Сенген құлдар – адалдар, садақамен тұрады,

Дүние-мүлкін сарп етіп жұмақ хорын құшады [3, 86-87 бб.].

Өмірін босқа өткізіп келе жатқандардың исламдағы адамгершілік, имандылық жолын бүлдіріп жүргендеріне, мұсылмандар арасындағы алауыздыққа, дін атын

жамылғандардың әділетсіздігіне күйінген ақынның Абыздық-Қайраткерлік ойы айқын көрінеді:

Үлкен, кіші адамдардан әдеп кетті,
Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.
«Ұят барда иман бар» деп Расул айтты,
Арсыз қауым бүлдіріп бітті, достар!
Мұсылман мұсылманға болды қатал,
Нақақ істеп хақ жұмысын бұзды батыл.
Мүрит пірге жылы жүзбен болмай жақын,
Ғажап сұмдық замана болды, достар!

Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патша мен уәзірлерде әділет жоқ.
Дәруіштердің тұлғасында қасиет жоқ,
Түрлі пәле халық үстіне жауды, достар!

Ақырзаман ғалымы залым болды,
Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды.
Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,
Ғажап сұмдық замана болды, достар! [3, 61-62 бб.].

Іс-әрекеттері имандылыққа мүлде қайшы, жәдігөй, екі жүзділердің шын айқын сиқын қайшылықты сипатымен жырлаған:

... Дәруішпін дер дүниекоңыз жаны жалған,
Дүние үшін сауық-сайран құрды, достар!

Естен танбай сауық-сайран құрып болмас,
Жаратқан пенде оған иман болмас.
Бойсұнса да көңілі таза болмас,
Арсыздықпен ойын-сауық құрды, достар!

Уа, осындай надандардан үміт қылма,
Қайыр-шапағат алармын деп жүгіріп жүрме,
Нәпсісі ұлық, шариғаты бұзық әкім білме,
Шайтан малғұн нөқта салмай мінді, достар! [3, 72-73 бб.].

... Бейхабарлар білмей өмірін желге ұшырар,
Надандықпен жаһаннамға кетер достар.
Ақырзаман шайхысы түзетер суреттерін,
Тақуалыққа түспей бұзар сырт пішінін.
Керемет дер қауіп-қатер көргендерін,
Халыққа өзін арсыздықпен сатар, достар [3, 11 б.].

... Менмендердің жазасын бергей тамұқ,
Тәкаппардың дозақтағы халі мүшкіл [3, 88 б.].

Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дидактикалық дастанында да ислам өркениетін дамытқан оқымыстылардың ұлағаты мадақталады. Сауаты төмен білімсіздердің сыйқы да сыншылдықпен бағаланады:

Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып өсіп өтер.
Білдірер білім елге, білім сырын,
Біліксіз білімді аттап, бөсіп өтер.
Тура сөз біліксізге қаза болар,
Насихат пайдалы сөз жаза болар.
Надан жан қанша жусаң тазармайды,
Талай кір жуған сайын таза болар.

Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амал жоқ түбінде сол опық жейді.
Білікті біліп айтар сөзін ұтар,
Ол емес бос сөзіңді бедел тұтар.

Білімсіз не айтса да білмей айтар,
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар.
Алла өзін білімменен құт етеді,
Қайырсыз надандықты жұт етеді.

Білімді үйренбеген талай қауым.
Құдайды қолдан жасап бұт етеді [4, 72-73 бб.].

Адамдардың жан дүние пиғылдарының қанағатқа негізділуінің имандылық негізі екендігін мадақтайды, дүниеқоңыздықты әшкерелей сынайды:

Зыр жүгіріп қу дүние қуамыз,
Ашкөзденіп, пайданы ойлап туамыз.
Келсе байлық – өсер, тасар, баз кешер,
Бір күндері болып қалар қу аңыз [4, 75 б.].

... Жинайды бақыл байлық талмай шіркін,
Қалып-ақ жаман атқа дүркін-дүркін.
Арам мал жұрт қолына таратылып,
Жөнелер өкінішпен сүйтіп бір күн.

... Мал жиып бақыл ашкөз дірілдеген,
Күн жоқ бірін ішіп, бірін жеген.

Досына тірісінде дәм татырмай,
Өлген соң жаулары жер дүрілдеген.

... Мал жияр сараң теріп, одан бетер.

Жей алмай қарап тұрсаң ерте кетер.

Мал санын көрде жатып санай берсін,

Жат кісі жарын мұнда еркелетер [4, 78-79 б.].

Дүниеқорлықпен, ашкөздікпен өмірін өткізген пенделердің кеселді келбеттерін даралап ашкөздіктің, дүниеқоңыздықтың бос әурешілік екендігін дәлелдеп, сыншыл тілмен жырлаған:

Ашкөздік – жаман әдет серті қатты,

Өкініш, артында оның қайғы жатты.

Бай болу, кедей болу – тағдыр ісі.

Мал іздеу – ерге әшейін машақат-ты.

Дүниеқор жияр байлық, мал жайды,

Қартайса да ол әдеті қалмайды.

Қояды тек ашкөздігін сол кезде,

Қашан оны су топырақ жалмайды.

Дүниеқор! Кім бар оған тең келген!

Ол – бір кесел, ешкім оны жеңбеген.

Шаршамай-ақ он теңгені туғызар,

Қолға тиген екі динар теңгеден [4, 80 б.].

Философиялық сарынмен жырлаған бөліктерде адамдар арасындағы ислам дінінің ұсынған жолын бұзып жүргендерді (өсекшіл, жалақор бұзықтарды, екіжүзділерді, опасыздарды, исламды сыйламаушыларды, т.б.) атап көрсетеді. «Пайғамбар сөзі: «Залыммен бірге өмір сүрген адам да залымдық жасайды» бөлімінде адалдықтың, шындықтың азайғанын («Бір адал жоқ осы жүрген мың достан», «Көп кісінің іші арам да, сырты дос», «Қоздаттық қой» «шылық» пенен «былықты», «Арна қурап, опа көлі суалып, жапа тасып, көрсетті ғой қылықты») мағыналы ойлы сөздермен, тіркестермен өрнектеп жырлаған. Әділетсіздік орын алған, заман зардабының дінге тигізген зияны («Сорлы еді өзі, сорлатты ислам сабазды, иба, рия қалып, халық тағы азды, ... мешіт қирап, ұмытты жұрт намазды», т.б.) туралы күйзелісті көңіл тебіреністері реалистікпен жырланған:

Діндар кісі қойды дінді, амалды,

Ғалым билеп, көңілді әнге сап алды.

Қырсыздықты қиып тастар ешкім жоқ,

Ол өрістеп, бір-біріне жамалды.

... Ел тәуірі болып алды ішкендер,

Маскүнем бол, осы күні ішкен де – ер.

Таза жүрген жол таба алмай торығып,

Өсіп жүр ғой арам жолға түскендер.

... Дүниесі малы барға жағынды ел,

Азат жанын құл қып беріп бағынды ел.

Малсыз ерді көрмей өтіп, елемей,

Көзін жұмып, жүз үйіріп қағынды ел.

Ей, малқұмар, жиған малың қайда осы?

Бүгін – қайғы, ертең жоқ қой пайдасы.

Арам малдың азап келер артынан,

Адал малға бір есеп бар жайда осы [4, 84-86 бб.].

Жүсіп Баласағұнның дастанында ұрпақтардың жан әлем діліндегі олқылықтар сатиралық-сыншылдық бағалаулары оқырмандардың ой таразысымен қорытуына берілген. Ұрпақтардың жан дүние байлықтарының ақыл, білім арқылы бағаланатын тағылымы дәріптелген. Топастардың, надандардың адамзат ортасындағы сүйкімсіз келбеттерін кейінгі ұрпақтардың танып-білуіндегі сергек болу керектігі назарға ұсынылады:

Білімсіздер бар кеселді көреді,

Емдемесе, тектен-текке өледі.

(Надандарды дерт пен бәле үйірер,

Емдемесе, ерте сөніп, күйінер...)

Кел, ей, надан! Дертке дауа жасағын:

Надан білім алса, құты тасады.

... Біліксіздер өзі нағыз басырдың,

Білім үйрен, надан, көзің ашылсын! [5, 64-66 бб.].

Сопылық философиялық шығармалар дамуының тарихи-әдеби жалғастығы сөз өнерінің тарихи үдеріс жолында жалғасып келеді. «Ислам дәуіріндегі әдебиет (X–XII ғғ)». (Әбунәсір әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Иасауи, Ахмед Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани) және «Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет (XIII–XIV ғғ.)» өкілдерінің сопылық философиялық дүниетаным шығармаларындағы сыншылдық-сатиралық дәстүр кейінгі әдеби дамуда да жаңа туындылар арқылы жалғастық тағылымымен танылуда.

Қорыта айтқанда, сопылық-философиялық поэзиядағы сыншылдық көзқарастар ұрпақтарды адамгершілік-имандылық, гуманизм рухында қалыптастыруға арналған ұлағатымен маңызды. Қазақ сөз өнерінің әлемдік әдеби үдеріс, көркемдік дүниетаным кеңістігіндегі ақыл-ой қазынасына қосылған рухани құндылық тұғырындағы ұлағаты қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында да жалғаса дами береді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 2 Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
- 3 Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. Ақыл кітабы. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.
- 4 Йүгінеки Ахмед. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.
- 5 Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

REFERENCES

- 1 Adebiettanu terminderinin sozdigi /Kurastyrushylar: Z.Ahmetov, T.Shanbaev. – Almaty: Ana tili, 1996. – 240 b.
- 2 Kozhakeev T. Satira negizderi. – Almaty: Sanat, 1996. – 464 b.
- 3 Iasauy Kozha Ahmet. Diuani hikmet. Akul kitaby. – Almaty: Murattas, 1993. – 262 b.
- 4 Jyginеki Ahmed. Akikat syjly. – Almaty: Fylym, 1985. – 152 b.
- 5 Balasagun Zhusip. Kutty bilik. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 616 b.

Толебаева А. Критические сатирические взгляды суфийско-философской поэзии

Резюме

В статье на основе историко-литературных процессов проанализированы критические сатирические взгляды суфийско-философской поэзии Ходжа Ахмета Ясауи, Ахмеда Иугинеки, Жусупа Баласагуна.

Tolebayeva A. Is the Critical satiric looks of sufi-philosophical poetry

Summary

The article of analysis on the basis of historical and literary processes critical satiric looks of sufi-philosophical poetry Khodzha Akhmet Iyassai, Akhmed of Jyugineki, Zhusup Balasagun.

Поступила 24.06.2013 г.